



18 жасқа биыл толатын азаматтар өзіне тиесілі қаржысын тексере алады

Ұлттық қордың инвестициялық кірісіндегі валюталық бөлігінің 50%-ы жыл сайын еліміздің азаматы болып есептелетін, 2006 жылы және одан кейін туған балаларға теңдей бөлініп берілетін «Ұлттық қор-балаларға» бағдарламасы екінші жыл іске асырылуда. 2006-2007 жылдары туған, 2024-2025 жылдары 18 жасқа толған/толатын жас қазақстандықтардың «БЖЗҚ» АҚ-да (бұдан әрі – Қор, БЖЗҚ) ашылған нысаналы жинақтау шоттарына (НЖШ) нысаналы жинақтар (НЖ) есептелді.

Олар бұл қаражатты тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу үшін пайдалана алады.

Қорға Бағдарламаға қатысушылардың заңды өкілдерінен электрондық үкіметтің интернет-ресурстарында (EGOV Mobile сайты мен «Ақпараттық жинақ» сайты) 2006-2007 жылдары туған балаларына есептелген НЖ туралы ақпараттың болмауы мәселесіне қатысты өтініштердің жиі түсуіне орай, БЖЗҚ кәсілетке толған немесе 18 жасқа 2025 жылы толатын азаматтар өздерінің НЖ туралы ақпаратты Қордың немесе электрондық үкіметтің интернет-ресурстарында жеке кабинеті арқылы өз бетінше алуы тиіс екенін ескертеді. Осылайша, БЖЗҚ қазақстандық заңнамаға сәйкес нысаналы жинақтардың қалдықтары мен қозғалысы туралы мәліметтерді қоса алғанда, НЖ алушыларға қатысты ақпараттың құпиялылығына кепілдік береді.

НЖ төлемі мен оларды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және/немесе білім алуға ақы төлеу мақсатында пайдалану тәртібі:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы №16 қаулысымен бекітілген Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларында;

- Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2024 жылғы 26 ақпандағы №76 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан нысаналы жинақ төлемдерін пайдалану қағидаларында;

- Қазақстан Республикасы

Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 7 ақпандағы №51 және Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2024 жылғы 12 ақпандағы бірлескен бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру ақысын төлеу мақсатында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан нысаналы жинақтар төлемдерін пайдалану қағидаларында көзделген.

НЖ пайдаланудың қадамдық алгоритмі мынадай сипатқа ие:

18 жасқа толған НЖ алушы БЖЗҚ немесе электрондық үкіметтің интернет-ресурстарында, сондай-ақ БЖЗҚ бөлімшесіне жүгіну арқылы өзінің НЖ сомасын дербес тексере алады.

Қосымша мәлімет ретінде, 2023 жылы барлық НЖ алушыларына 100,52 АҚШ доллары, 2024 жылы – 129,38 АҚШ доллары есептелгенін хабарлаймыз. 2006 жылы туған азаматтарды қоспағанда, 2023 жылы Ұлттық қордан алғашқы қаражат есептелген балаларға ағымдағы жылы 3,04 АҚШ доллары мөлшерінде инвестициялық кіріс есептелді. Нәтижесінде, 2006 жылы туған баланың нысаналы жинағы 100,52 АҚШ долларына тең болса, 2007 жылы туған баланың НЖШ-да 232,94 АҚШ доллары жинақталды.

НЖ алушы (не оның заңды өкілі) уәкілетті оператордың (УО) интернет-ресурсы арқылы УО-ға жүгінеді, НЖ алушының атына АҚШ долларымен банк шотын ашады, НЖ төлеміне онлайн-өтініш береді.

УО төлемге өтініш қаралғаннан және мақұлдандығаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде төлемге өтініштің тіркелгені туралы БЖЗҚ-ға электрондық хабарлама жібереді.

БЖЗҚ УО-дан электрондық хабарламаны алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде УО-ға өтініште көрсетілген НЖ төлемінің сомасын НЖ алушының атына АҚШ долларында ашылған банк шотына одан әрі есептеу үшін аударды не себепін көрсете отырып, аударудан бас тартатыны туралы хабарлайды.

НЖ алушы немесе оның заңды өкілі НЖ сомасы банк шотына түскен күннен бастап 45 жұмыс күні ішінде УО-ға НЖ төлемдерінің нысаналы пайдаланылуын растайтын құжаттарды ұсынады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық сот әкімшілігі қауымдастығының президенті Памела Харриске ілтипат білдіріп, жауапты қызметке сайлануымен құттықтады. Сонымен қатар оның тәжірибесі Ұйым қызметіне тың серпін беретініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Памела Харриске ілтипат білдіріп, жауапты қызметке сайлануымен құттықтады. Сонымен қатар оның тәжірибесі Ұйым қызметіне тың серпін беретініне сенім білдірді.

Президент құқықтық мемлекет құруда заң үстемдігін қамтамасыз ету мен сот жүйесін реформалаудың шешуші мәнге ие екенін атап өтті.

«Біз «Заң және тәртіп» қағидатын орнықтыруға бағыт-



Мемлекет басшысы Памела Харристі қабылдады

талған өте маңызды реформаларды қолға алдық. Заң үстемдігі қоғамға дендеп енуге тиіс деп санаймыз. Менің ойымша, бұл еліміздің тұрақтылығы мен өсіп-өркендеуі үшін өте өзекті. Сондықтан Халықаралық қауымдастық Қазақстанмен, еліміздің сот жүйесімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуі керек», деді Мемлекет басшысы.

Памела Харрис елімізде жүргізіліп жатқан құқықтық реформаларды жоғары бағалап, ынтымақтастықты жалғастыруға әзір екенін жеткізді. IACA президентінің айтуынша, Сот әкімшілігі мен Жоғарғы соттың функцияларын бөлу әлемдік тәжірибедегі анағұрлым тиімді шешімдердің бірі. Ол Ұйымның Қазақстанмен байланысты нығайтуды көздейтініне тоқталып, ұлттық сот әкім-

шілігі өкілдерінің Қауымдастық жұмысына белсенді қатысқанын айтты.

Кездесуде сот төрелігі жүйесін реформалаудың негізгі аспектілері қарастырылды. Бұдан бөлек, сот органдары арасындағы өзара ықпалдастықты кеңейтуге, сот өндірісінде цифрлық шешімдерді және жасанды интеллектіні қолдану перспективасына баса назар аударылды.

ҰБТ БАСТАЛДЫ: талапкерлер қай мамандықтарды көп таңдап жатыр



Наурыз айына белгіленген ҰБТ басталды. Тест тапсыруға 163 мыңға жуық адам өтініш берді.

Білім сынағына қатысатындардың 76 пайызы қазақ тілін, 23,9 пайызы орыс тілін таңдаса, 162 адам ағылшын тілін қолай көрген.

Тестілеудің алғашқы күні, 1 наурызда республика бойынша 775 адам сынақтан өтті. Талапкерлердің 17,5 пайызы медицина,

педагогика және ауыл шаруашылығы мамандықтарына түсуді көздесе, 17,1 пайызы математика-физика, 10,5 пайызы математика-информатика пәндерін таңдаған. Яғни, болашақта инженерлер мен IT мамандары болғысы келген.

ҰБТ-дағы пәндердің саны өзгерген жоқ, үшеуі міндетті және екеуі таңдау бойынша. ҰБТ тапсырмалар саны – 120. Оның ішінде Қазақстан тарихынан 20 тапсырма, оқу сауаттылығынан 10 тапсырма, математикалық сауаттылықтан 10 тапсырма және екі бейіндік пән бойынша 40 тапсырмадан. Жоғары балл – 140.

Тестілеу уақыты – 4 сағат. Ерекше қажеттілігі бар балаларға қосымша 40 минут уақыт беріледі.

Еске салайық, наурыздағы ҰБТ-ға шартты түрде ақылы негізде күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары оқу орындарына қабылданған, былтырғы мектеп және колледж түлектері, Қазақстан азаматы болып саналмайтын ұлты қазақ азаматтар, сондай-ақ мектеп бітіретін түлектер жоғары оқу орындарына ақылы негізде түсу үшін қатысады. ҰБТ 6 сәуірге дейін жалғасады.

«ХАНШАЙЫМ» БӨБЕКЖАЙЫ АШЫЛДЫ



Жартытөбе ауылдық округіне қарасты Бабата ауылынан жеке инвестор арқылы салынған 50 орындық «Ханшайым» бөбекжай балабақшасының құрылысы аяқталып, ауыл тұрғындарының игілігіне ұсынылды.

Ашылу салтанатына аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков арнайы қатысып, тұрғындарды жаңа ғимараттың ашылуымен құттықтады.

— «Балабақша ашып, жастар мен болашақ ұрпақты қуанышқа кенелту біз үшін

үлкен жетістік. Бабата ауылында бүгін ашылған «Ханшайым» бөбекжайы көптеген балаларға білім мен тәрбие беріп, ел игілігіне қызмет етеді сөзсіз. Мұнда қосымша көптеген адамдар жұмыспен қамтылып, халықтың әл-ауқатын қамтамасыз етуде үлкен жетістіктерге жетіп отырмыз», — деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Сонымен қатар, ауданның Құрметті азаматы, Бабата ауылдық ардагерлер кеңесі-

нің төрағасы Садық Әбдірашұлы жиналған көпшілікті қуанышты жаңалықпен құттықтап, ғимараттың ашылуына қолдау білдіріп, септігін тигізген азаматтарға ақ батасын арнады.

Айта кетейік, аудан басшысының өткен жылы Жартытөбе ауылдық округі тұрғындарымен кездесулерінде Бабата ауылынан балабақша салып беру мәселесі жиі көтерілген. Аталған мәселені шешу үшін тиісті шараларды қолға алып, аталған мәселе жеке инвестор арқылы шешімін тауып отыр.

Жалпы ауданы 350 шаршы метр аумақты алып жатқан балабақшаны жеке кәсіпкер Нұрман Назаров салды. Ғимарат заман талабына лайықталып, бүлдіршіндердің жас ерекшелігіне сай жабдықталған. Асхана, ойын бөлмесі, жатын бөлме, медициналық кабинетпен қамтылып, балабақшада 15-ке тарта адам жұмыспен қамтылуда.



АЛТЫН ҚҰРСАҚТЫ АНАЛАР ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

1 наурыз — Алғыс айту күні мерекесіне орай, аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ақ жаулықты, алтын құрсақты аналардың шаңырағына барып, құрмет көрсетті. Өмірге көп бала әкеліп, отбасылық құндылықтарды сақтауда көпшілікке үлгі болып отырған аналарға орамал жауып, сыйлықтар табыстады.

Ардақты аналардың жүрекжарды әңгімелерін тыңдап, алғысын білдірді.

Айта кетсек, аудан басшысының құрметіне бөленген Нәзира Қалимова сегіз ұл мен үш қыз тәрбиелеп, 57 немере мен 63 шөбере сүйіп отырса, Гүлжан Дауренбекова сегіз бала дүниеге әкеліп, 18 немере мен 32 шөбере сүйіп отыр. Батжан Махажанова он баланы дүниеге әкеліп, 33 немере, 70 шөбере және бір шөпшек сүйіп отырса, Шолпан Аймақашова он бір бала дүниеге әкеліп, 39 немере мен 16 шөбере сүйіп отыр. Шолпан Тоқбергенова он бала дүниеге әкеліп, 18 немере мен үш шөбере сүйіп отырса, Асия Ибаходжаева сегіз бала дүниеге әкеліп, 21 немере мен бес шөбере сүйіп отыр.

ЖАЛПЫАУДАНДЫҚ СЕНЫЛІК ЖҰМЫСТАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

«Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында, Созақ ауданы бойынша барлық ауылдар мен елді мекендерде жалпыхалықтық сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды. Шараға аудан тұрғындары мен мекеме қызметкерлері белсенді қатысып, қоршаған ортаны таза ұстауға үлестерін қосты.

Шолақорған ауылының аумағында бөлінген 5 сектордың, яғни ондағы 144 көшеге жауапты етіп бекітілген әр мекеме тазалық жұмыстарына белсене атсалысты. Саябақтар мен ішкі көшелерді ретке келтірді. Үлкен жолдар мен айналма жолдың бойы тұрмыстық қалдықтардан тазартылды. 29 арнайы техника тартылып, 45 шақырым көше бойлары мен 22 шақырым аяқ жолдары ретке келтірілді.

Сенбілікке 4500-ден астам мекеме қызметкерлері, белсенді жастар мен елді мекен



тұрғындары жұмыла кірісіп, тазалық жұмыстарын үрдіске айналдыруда.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Алғыс елдің бәріне!

Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінде ұлттық рухани кеш өтіп, ерекше көңіл-күй сыйлаған «Алғыс елдің бәріне» тақырыбында

өскелең ұрпаққа жеткізуді мақсат еткен өнерпаздар тобы. Топ мүшелері ән-күймен ғана шектелмей, қазақтың тарихын, салт-дәстүрін наси-



дәстүрлі ән кеші ұйымдастырылды. Шараның басты қонақтары-халқымыздың өнерін насихаттап жүрген «Созақ серілері» тобы.

«Созақ серілері» — дәстүрлі ән мен күй өнерін дәріптеп, қазақтың ұлттық мәдениетін

хаттауда да белсенділік танытып келеді.

Бұл кешке арнайы қонақтар ретінде Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінің директоры А.Асқанбекова, Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мек-

тептің директоры І.Әлібекқызы, А.Сүлейменов атындағы жалпы білім беретін мектептің директоры Ә.Сағындықов, А.Байтұрсынов атындағы жалпы білім беретін мектептің директоры Е.Сейдахмет, сондай-ақ ата-аналар Г.Жақынбекова қатысып, жүрекжарды лебіздерін білдірді.

Кеш барысында мектебіміздің директоры С.Шардарбеков және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Жұмаділ де сөз сөйлеп, оқушыларға ұлттық өнердің маңыздылығын атап өтті.

Осындай рухани-мәдени іс-шаралар жас ұрпақтың бойына қазақтың төл өнеріне деген құрмет пен сүйіспеншілік дарытып, олардың рухани дамуына үлес қосары сөзсіз. Осы кешке қатысқан барша өнерпаздарға, қонақтарға және ұйымдастырушыларға зор алғыс білдіреміз!

Ақбаян Омарбекова, Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп-интернат лицейі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

«Созақ үні»-ақпарат.

“ТАҒДЫР СЫЙЛАҒАН ТАЛАНТ” АТТЫ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КЕШ ӨТТІ



Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде ақын, әнші Дәмен Дәулет Мықтыбайұлының шығармашылығына арналған «Тағдыр сыйлаған талант» атты қайырымдылық кеші өтті.

Шара барысында аудан әкімінің орынбасары Алтын Ешанқұлова кеш иесіне жүрекжарды лебізін білдіріп, шығармашылығы одан әрі жарқырай түсетініне сенім білдірді. Аудан әкімінің құттықтау хаты мен арнайы сыйлығын табыстады.

Сонымен қатар, ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Мыңжасар Асқаров

және ҚР Журналистер одағының мүшесі Біржан Рысбайұлы ізгі тілектерін білдіріп, өнердің адам жанын тербейтін күшін, сондай-ақ талантты тұлғаларға деген халықтың құрметін ерекше атап өтті.

Кеш барысында Дәулет Мықтыбайұлы өз шығармашылығынан өлеңдер оқып, жүрекке жылы тиер әндерін орындады. Сазды да әсем дауысы мен өлеңдері көрермендерді ерекше әсерге бөледі. Жиналған жұртшылық талант иесінің өнеріне тәнті болып, ықылас пен құрметтерін білдірді.

Созақ ауылдық мәдениет үйінде бірлік пен келісімнің символы Қазақстан Халқы Ассамблеясына 30 жыл толуына орай «бірлігіміз-аралуандылықта!» атты республикалық «Елдің бірлігі-мемлекеттің тірегі» мәдени іс шарасы аясында өтті. Мерекелік іс шараның беташары Созақ мектеп гимназиясының «Алау» би тобының биімен ашылды. Биыл-Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл. Бұл ұйым 1995 жылы құрылып, елдегі түрлі этностар мен мәдениеттердің ынтымақтастығын, бірлігін нығайтуға бағытталған маңызды институтқа айналды. Бірлік, татулық және ынтымақ-елдігіміздің мызғымас тұғыры һәм мемлекетіміздің басты құндылығы. Қазақстан халқы Ассамблеясы міне, осы идеологияны сеніммен, жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. Соның айғағы іспетті Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толуына



тымен Созақ ауылдық ақсақалдар кеңесі төрағасы Белжан Орынбай Жарылқасынұлын, зейнеткер мұғалім, Созақ аудандық өзбек этномәдени қоғамдық бірлестігі әйелдер кеңесінің төрайымы, Ибрагимова Жамила Шотбайқызын, Науайы атындағы мектеп мұғалімдері Бектемирова Дилбар Абсадыққызын, Жұманазарова Гүлмира Балтабайқызы мен Файзуллаева Мақсуда Айтбайқызын марапаттады.

Мерекелік шара жезтаңдай әншілеріміз мен өнерпаз жігіттер Ә.Науаи атындағы орта мектептің музыка пәнінің мұғалімі Қасымов Әріпжан, «Мыңжылқы» мәдениет сарайының әншілері Өсербай Берік, Мұхтар Молдабеков, Созақ мектеп гимназиясының мұғалімі Рашидов Бекзат, Құрманғазы атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектептің «Жауқазын» би тобының орындауында керемет концерттік шараға ұласты.

БІРЛІГІМ БЕКЕМ, ТІРЛІГІМ МЕКЕМ, ЫНТЫМАҒЫМ ЫРЫСТЫ

орай және 1 Наурыз алғыс айту күні мерекесіне арналған мерекелік шара қазақ хандығының астанасы Созақ ауылында өтуінің өзі аталмыш мерекенің аясын кеңейте түскендей. Қазақстан Халқы Ассамблеясының 30 жылдығы-бұл тек ұйымның ғана емес, бүкіл елдің ортақ жетістігі. Бұл бірегей институт еліміздегі барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстыра отырып, Республикадағы тұрақтылықты сақтау мен ел дамуының мақсаты-

лады. Үш декаданың ішінде Ассамблея-ұлтты ұйыстыратын өте маңызды конституциялық институтқа айналды.

Жер-жерлерде Ассамблея құрылымдары ұтымды іс атқарып келеді. Соның бірі Ақсақалдар Кеңесі ауданымызда 2023 жылғы 23 ақпанда құрылды. Оның төрағалығына Берік Мыңжанұлы Тұрғанбаев сайланды. Тоқсан сайын отырыстары өткізіліп, қоғамдағы өзекті һәм келелі мәселелерді қаулап отырады. Ақсақалдар Кеңесінің отырыстары көбінесе аудан орталығында емес, көшпелі форматта Созақ, Көктөбе ауылдарында, Таукент кентінде өтіп жүр.

Жалпы, этносаралық татулық экономикаға, адамдардың әлеуметтік жағдайына оң ықпал етеді. Бұған көзіміз анық жетті.

Қазақстанда сан алуан этнос өкілдері тұрады. Бұл-бүкіл әлемге белгілі ақиқат. Шын мәнінде, бұл-біздің тағдырымызға жазылған бағымыз.

Біздің ауданның өзінде қазақтан бөлек 17 этностың өкілдері тату-тәтті өмір сүріп келеді.

Қоныстану тарихы сонау Қоқан хандығы тұсынан басталатын өзбек халқымен қазақтар тонның ішкі бауындай байланысқан. Төсекте басы, төскейде малы қосылып, бір-бірімен ағайын болып кеткен. Сталиндік депортация кезінде қоныстанған этнос өкілдері де мейірман қазақ халқымен біргі ғұмыр кешіп жатыр.

Созақ ауданында 60 мыңнан аса халық тұратын болса, оның 5 мыңы-этникалық өзбектер. Сондай-ақ орыс ұлтының саны да 500-ден асады.

Ауданымызда «Созақ аудандық өзбек этномәдени қоғамы» қоғамдық бірлестігі тіркелген. Төрағасы Мұхамеджан Мамаджанұлы Бабаев бастап, елдің ынтымағы мен бірлігінің сақталуына ыйытқы болып отыр.

Елімізде түрлі мәдениеттер бірге дамып келеді. Соның арқасында әлеуетіміз артып, береке-бірлігіміз нығая түсуде.

Біз отаншылдықты, өзара сыйластық пен татулықты жан-жақты дәріптеуіміз керек. Бұл-мемлекеттің ғана емес, барша азаматтарымыздың ортақ міндеті.

Осы мақсатта биыл 18 ақпан күні аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы Созақ ауданы Ақсақалдар Кеңесінің төрағасы Берік Мыңжанұлы Тұрғанба-

евты, Аналар Кеңесі төрайымы Рысты Тәбетқызы Райымқұлованы және «Созақ аудандық өзбек этномәдени қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мұхаммеджан Мамаджанұлы Бабаевты қабылдады. Қабылдауда тараптар өзекті деген бірқатар мәселелерді талқылады.

Ендігі кезекте осы Созақ ауылының жастарының бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында аудан басшысы спорт кешенін салуды көздеп отыр. Сондай-ақ әкімшіліктің

ескі ғимаратын жөндеп, қариялардың бос уақытын тиімді пайдалануына септігін тигізетін «Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам орталығы» ашылатын болады.

Жалпыұлттық бірлік-қуатты мемлекет болудың басты кепілі.

Егемен еліміздің баға жетпес байлығын кейінгі ұрпақ үшін сақтай білуіміз керек. Осы жауапты міндетті абыроймен атқарасыздар деп сенемін!-деді өз құттықтауында Алтын Күнтуқызы.

Мерекелік шараның беташарында «Созақ ауданы өзбек этномәдени қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бабаев Мұхамеджан Мамаджанұлы, Сызған ауылдық округі әкімінің кеңесшісі Махмұдұлы Ермек, «Суындық» жалпы білім беретін мектебінің директоры Мұсаев Нұрлан Сұлтанұлы, Созақ ауылының имамы Рүстемов Сұлтанхан Әділханұлы, «Елуліктер» толық інжілінің христиан Шіркеуінің» жергілікті діни бірлестігінің Таукент филиалының меңгерушісі Боровиков Игорь Леонидовичтер аудан әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталды.

Ассамблея-тұрақтылығымыздың, достыққа негізделген этносаралық қарым-қатынастар мен азаматтық келісімнің алтын діңгегі. Сол алтын арқаулы діңгектің иесі қараша халық. Қараша қалықтың қалаулылары атанған аудандық мәслихаттың төрағасы Жәмиев Ордабек Мырзабекұлы сөз алып: «Қадірлі жерлестер, бүгінгі шара елдің ауызбіршілігі мен ынтымағының негізгі қайнар көзі. Сан ұлтты ұйыстырып, ырыс-дәулет қазығы атанған Созақ елі қашанда жақсы істердің басында, игіліктің қасында жүретін береке-келі өңір. Керегеміз келісті, достығымыз өрісті болсын!-деп мерекелік шарада ыстық ілтипатпен білдіре отырып, аудандық мәслихаттың алғыс ха-

Елді бірлікке, татулыққа бастайтын ақылын айтып өмірлік тәжірибесімен бөлісетін қазыналы қарияларымыздың орны ерекше болмақ. Ассамблея жиынында аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Тұрғанбаев Берік Мыңжанұлы Ассамблея аясында атқарылған, атқарылатын жұмыстар туралы кеңінен әңгімелеп берді. Қазақстан халқы Ассамблеясының ұлттық бірлікті нығайтудағы және қоғамдық келісімді сақтаудағы рөлі орасан. Ол қоғамдағы



на айтулы үлес қосып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та аталған ұйымның «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты 33 сессиясында барша халқымыздың стратегиялық бағдарының түпкі мәнін осы үш ұғым дәл әрі нақты білдіретінін, ел саясатының бұлжымас бағдары болып қала беретінін айтқан болатын. Мерекеге келген ауданымыздың түкпір-түкпірінен келген азаматтарды Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толуымен және 1 Наурыз алғыс айту күнімен аудан әкімінің атынан аудан әкімінің орынбасары Ешенқұлова Алтын Күнтуқызы құттықтап игі тілегін білдірді.

«Құрметті қонақтар, киелі Созақ шаһарының байырғы тұрғындары! Қазақстандағы тұрақтылық пен татулық қоғамдағы ынтымақ пен теңдіктен, өзара сенім мен құрметтен бастау алады. Қастерлі Отанымызда түрлі мәдениеттердің үйлесім тапқаны-соның айқын көрінісі. Бұл- біртұтас ұлт болып ұйысуымыздың басты қағидаты әрі айнымас стратегиялық бағдарымыз.

Осы мақсатта отыз жыл бұрын, 1995 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. 2008 жылы Ассамблея мәртебесі арнайы заңмен бекітілді. Сенаттың 5 депутаты Ассамблеядан ұсыны-



бейбітшілік пен тыныштықты нығайтуға белсенді ықпал етіп қана қоймай, сондай-ақ елдегі барлық этнос арасындағы өзара түсіністік пен құрметтің тереңдеуіне ықпал етіп келеді. Елдің бірлігінің бекем, тұғырының биік болуына өзінің хал қадірінше жұмыс жасап жүрген Созақ ауданының өзбек этномәдени қоғамының төрағасы Бабаев Мұхамеджан Мамаджанұлы құттықтау сөз сөйлеп. Созақ мәдениет үйінің әншісі Бәжібаев Абылай Бегманұлына, дәстүрлі әнші Схадияров Азамат Мырзағалиұлына, Созақ мәдениет үйінің әдіскері Нұржанбаева Гулнара Амангелдіқызына, Созақ мәдениет үйінің мәдени ұйымдастырушысы Серікова Ақнұр Қалдыбекқызына, Созақ ауылының кітапханашылары Балтабаева Гулзина Рысбайқызы мен Жумадилова Эркина Рамазанқызына Созақ ауданы өзбек этномәдени қоғамының алғыс хаттарын табыс етті.

Осынау ұлы мұратқа жету-ниеті ілгері, ойы ізгі жұртымыздың барлық арман-аңсары орындала берсін! Бірлік-халқымыздың ұлан тарихындағы ұлы сөз. Әр отбасының керегесі кең, шаңырағы берік, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

«Училище директоры шақырып жатыр!» деген хабар құлағына тие салысымен «Неге мені іздеп жатыр екен?» Әлде, осындағы мұғалім шеберлердің көңілінен шықпай қалдым ба екен? – деп Төлenniң ойы сан саққа кетті. Не болса да ақырын барған соң білмек. Училище директоры өз жұмыс бөлмесінде екен. Өйткені есіктің арғы бетінде екі-үш адамның күңгірлеген дауыстары мұның құлағына естіліп тұрды. Сәлден кейін қолтықтарында қағаздары бар оқу орнының ұстаздары бір-біріне шыға бастады. Ашылған есіктен мұның сұлбасын байқаған Балғабай Ақылбеков:

–Ә, Төлен келдің бе? Кіре бер! Сенімен сөйлесу керек, – деді.

Есіктен бір-екі қадам ішке еніп:

–Ассалаумағалейкум ағай, шақырған екенсіз-деп желкесін қасыған Төлenniң училище директоры жайдары жарқын жүзбен қарсы алды.

–Кел, отыр! Өзің білесің биыл өзің қатарлы біраз жігіттер училищені бітіргелі отыр. Оның ішінде өзің де барсың. Жан жақтан совхоз басшылары да хабарласып жатыр. Олар бізге жақсы, тәртіпті, еңбекқор мамандар керек дейді. Соған сені сұраныс арқылы Ф.Энгельс атындағы совхозға жібергелі отырмыз. Ал енді бұған өзіңнің ойың қалай?

–Аға, енді ол жағын ойламаппын. Сіздер қайда жолдама берсеңіздер, сонда барамын ғой. Энгельс совхозы да өз ауылым, – деді қуанып тұрғанымен іштей сырын білдіргісі келмей.

–Иә, оның рас! Раңда туылғаныңмен Қарақұр да өз ауылың! Алайда комсомол мен партия қайда жұмсаса сонда баруға тиіссіңдер! Онда келістік. Мен кадр бөліміне айтып қоямын. Ал, әзірге бара бер, – деді директор.

Осылайша Созақ ауылындағы кәсіптік техникалық училищені бітірген түлектер жан-жаққа бытырай ұшты. Біршамасы қиырдағы «Тасты» совхозына, «Жуантөбе», «Шу» совхоздарына барып трактор рөлдеріне отырып, бір-бір темір тұлпарлардың тізгінін ұстады. Төлен болса қолына дипломын алып Ф.Энгельс атындағы советтік шаруашылықты бетке алды. «Созақ» совхозы мен Энгельс атындағы совхоздың арасы отыз шақырымдай болады. Жол бойында қыбырлаған көлік жоқ. Аспан көгінде жолаушылар таситын АН-2 ұшағы ұшып барады. Жолай бірлі-жарым көлік кезігер, болмаса жаяулап мал өрістен қайтқанша жетермін деп Төлен ауылды бетке алып жүріп кетті. Мынау Көктөбе ауылы, тау танабында қыбырлаған адамдар қызу еңбек үстінде жүр. Бұл Созақ совхозының №3 фермасының жүгері өсірушілері болса керек. Сушы, жүгері өсіруші дихандар, агроном, егіс бригадирлері бәрі егіс басында жүр. Сонау бір шоғыр, үлкен қара талдың көлеңкесінде жүргендер ас-ауқат әзірлеушілер-ау болса керек. Әйтеуір қайнаған тіршілік, тракторлардың тырылы, егіс бригадирлерінің қарлығы айқайлаған дауыстары, өзгеше бір әлем, өзгеше бір сурет. Төлен Сәтен бұлаққа жетіп, бір демалып, аяқ суытқысы келді. Мөлдір бұлақ. Бұрқ-бұрқ еткен қайнары атқылай ағып жатыр. Суы тастай екен. Беті, қолын жуып, зәм-зәм суды сіміре ішті. Мойнын, басын жуып, азкем әл жинап, салқындап алды. Сонау қарайған қалың шоғыр Ағалықтың талы болса керек. Сөңгірдің жотасына бір жетіп алса ары қарай құлдилап Ағалыққа да жетіп барады. Қазір жағалай мал отарлары отыр. Біршамасы таудың аузында, бір шамасы Бетпаққа кеткен болуы керек. Тау етегінде қап-қара маржан моншақтай болып қаракөл қойлар шашырай жайылып жүр.

Орнынан ықшам көтерілген Төлен қол сөмкесін иығына іліп алып, қайыра қара жолға түсті...

Ол Отан алдындағы борышын өтеп келген соң, бір жылдан аса Әзімбай шопанның жәрдемшісі болған. Бойдақ жігіт өзінің тіл алғыш, елгезек мінезімен аға шопан Әзімбайдың көңілінен шықты. Осы уақытқа дейін жәрдемшісі болып қой соңында жүре беруді де кәдік еді. Алайда тракторшы болуына ең біріншісі себепкер болған



МЕХНАТШЫЛ

Жандарбек тракторшы еді. Бір жолы Әзімбай ағасы: –Төлен, айыр, күрегіңді ал! Қыстаудан көң ойып әкелеміз. Үйде отын сыпыра түгесіпті. Әлгі Жандарбекпен сөйлесіп қойдым, жабыла бүгін ойып, артып әкелейік, – деді. Сонымен үшеуі қыстау қораны бетке алып жүріп кетті. Селкілдеген МТЗ-80 сексеуілдің арасымен жүріп келеді. Кабинада Әзімбай мен Жандарбек дауыстары әйдек шығады. Иен далада екеуі-ақ. Сайын даланы бастарына көтере дабырлап сөйлесіп келеді. Үш-төрт қыр асып құмның жиегіне де ілікті. Діттеген жеріндегі қораның көңін біреулері тып-типыл етіп ойып, артып әкетті. Екінші, үшінші қыстау қорада да сондай тып-типыл. Әрең дегенде бір тележке толар-толмас көң шығатындай шоң қораны тапты. Үшеулеп жүріп кешке дейін артумен болды. «Жазым деген бір сәтте» демекші трактордың үстінен түсе бермек болғанда Жандарбектің белі кілт ете қалды. Ойбайлап жата қалды.

–Ой ағасы не болды?

–Білмеймін белім кілт ете қалды. Тұруға мұршам жоқ. Қимылдасам ауырады, – деп Жандарбек ағасы безек қақты.

Көң толы трактор қорабының үстіне киіз салып, Жандарбекті әзер дегенде көтеріп жатқызды. Енді тракторды кім айдайды?

Әзімбай: –Әй, бала отыр рөлге, – деді. Мен Жандарбектің қасына отырамын.

–Аға мен жүргізуді білмеймін ғой!

–Ештеңесі жоқ. Оталдырда скоросқа сал! – деді. Алдында осы трактордың ішінде жүріп, оны-мұны тетіктерін шұқылап көрген, қалай оталдырып, қалай қозғау керектігін ертеп білетін. «Үйретіңізші» деп Жандарбек ағасына да айтуға батпай жүрген. Енді міне сәті түскендей болып тұр. Әншейінде трактордың маңайына жолатпайтын Жандарбек ағасы да амалсыз мойынсұнғандай:

–Отыр да артқы терезесін ашып қой. Өзім айтып отырамын, – деді қабағы кіржііп.

Төлен, кәнігі тракторшыдай орындыққа нығырлай отырып алып, іштей «біссімиллә» деп тракторды оталдырып алған соң газды басыңқырап барып, қозғалтқышты алға итеріп, муфтаны ақырын босата берді. Алғашқыда олай да, бұлай да селтектей бұрылып ырыққа көнбей келе жатқан темір тұлпар жолға түсіп алған соң жеңіл сырғыды. Төлен «мені көрдің бе» дегендей артына әлсін-әлсін қарайды. «Әп бәрекедді!» – деп Әзімбай

ағасы бас бармағын шошайтып қояды. Күн ұясына батпай олар мал ауылға да жетті. Осы оқиғадан кейін Жандарбек ағасы жем тасыса да, шөп тасыса да құмның аузында отыратын Әзімбайдың қыстауына келіп:

–Төлен ары қарай пәленшенің қыстауына апарып түсіріп келші, мен «сен келгенше мызғып алайын», «Сен апарып кел, мен жеңгемнің шәйін ішіп отыра тұрайын» «ағаммен әңгімем бар» «сен» деген сылтаулары да көбейе бастады. Не керек Төлен тракторшы болуға осылай бекініп, бет алған еді.

Төлен: –Осы Жандарбек ағама таң қаламын. Өзіне совхоз бекітіп берген көлігін неге тап-таза етіп, жуып, сүртіп жүрмейді екен? – дейді іштей өзі өзімен сөйлесіп. Жем-шөп апарған жерінде уақыт тауып Жандарбектің тракторын жуып, сүртіп айнадай жарқыратып жүрді. Алғашқы да Жандарбек өз тракторын өзі танымай қалды. Лай шашырап, май баттасқан моторы жалтырап, зауыттан жаңа шыққан көлікті сонау қырдан түскеннен тересіне дейін жалт-жұлт етіп күнге шағылысып көз қариды. Келесі жылы жазға салым, құжаттарын реттеп, түгелдеп Созақтағы кәсіптік училищеге тапсырып, курсант атанды. Енді міне, құдай қаласа өзіне бекітілген темір тұлпарды, тізгіндейтін күнде алыс емес. Бүгін кештетіп жетсе, ертең таң азаннан совхоз басшыларына кіріп, өмірге, еңбек жолына жолдама алмақ. Төлен қас-қарайғанда ауылдың шетіне ілікті, екі табаны қызып, бастырмай қалды. Расында жол бойы бір қыбыр еткен көлік кездеспеді. Қайта мал жайып жүрген шопандарға кезігіп, сусын, шалап ішіп әлденіп алды. Әйтпесе төбенді төсе шақыр алған күн көлеңке етер қылтанағы жоқ жол шаршатып тастары анық. Арасында мұнартаң сағым далаға көзін сүзіп, ауылдың төбесі көрінген сайын бойына күш құйылғандай болады.

Совхоз директоры Ақынов қуана қарсы алды. Дереву кнопканы басып хатшы қызды шақырды. Үшінші ферманың бастығын тап, маған кірсін! – деді.

–Інім өзің осы ауылдың баласы екенсің. Бұл үш өзен де өзіңе жақын таныс. Оның адамдары да бөтен емес. Бізге механизаторлар жетіспейді. Бұрын бар еді. Мынау Шу бойында жаңа совхоздар ашылып, бірнеше механизаторларымызды партия сонда жіберді. Партияның айтқаны заң. Оның үстіне бәрі де партия мүшелері-коммунистер. Бізге енді өзіңдей жа-

лынды комсомолдар керек, – деді жаздырығын түіе, жігерлене сөйлеп жатқанда үстілеріне екі кісі кіріп келді. Бірі Сүйіндік- ферма бастығы, екінші совхоздың бас инженері Болат ағай.

–Жолдастар, мына жігіт жаңадан оқу бітіріп келген механизатор. Осы ауылдың баласы. Біраз уақыт көз алдарыңда жүрсін. Мен училище директорына ыждағатты, тәртіпті, білікті маманды жіберіңіздер деп айтқан болатынмын. Мына жігіт сондай талап деңгейіндегі азамат болуы керек, – деді совхоз басшысы.

–Бұл өзі бір жапырақ бала екен. Өзі трактор рөліне отыра алады ма? – деді бас инженер мұның тұлға бойына көзбен сүзе, күмәнмен қарап,

–Сәке, сіз әлгі озат тракторшы Сәбетбекті білесіз ғой, бір жапырақ деп соны айтыңыз. Тракторды ұршықша үйіреді. Сондықтан механизатор болу бойы мен денесіне байланысты емес. Талабы мен еңбекқорлығына байланысты. Ең бастысы талап пен жауаптылық, бұл баланы маған, менің фермама жіберіңіз деп өзім тәрбиелеп аламын деді, – Сүйіндік аға.

Совхоз кеңсесінен үшеуі бірге шықты. Екеуі алдында, бұл арттарынан еріп келеді.

Гараждың ең түкпірінде қаңтарулы тұрған көк МТЗ-80 маркалы трактордың қасына келді. Бас инженер Болат:

–Ал, бала барлығы өзіңе байланысты. Мына темір тұлпар сенің тұлпарың болады. Иесі жақында Шу совхозына кетті. Бүгін көр, таныс, оталдыр. Ары бері жүріп көр. Ертең фермаға түсесің. Айтқандай гараж диспетчерлерінен путевка алуды, көлігіңе май құйып алуды ұмытпа, автолын тексер, – деп үсті-үстіне тапсырма берді де Төлenniң тракторымен оңаша қалдырды. Баяғы Жандарбектің тракторы сияқты үсті басы лай мен сірескен қара майдан көрінбейді. Жұрт аяғы тарап кеткенше тракторын шұқылап, сүртіп, босаған жерлерін қатырып, күнді батырып үйіне қайтты. Төлenniң еңбек жолы осылай басталды. Араға жыл өте совхоздағы үздік, озат механизаторларының қатарына қосылды. Совхоздың кеңсесінің алдындағы Құрмет тақтасына есімі жазылып, суреті ілінді. Сондағы анасының қуанышында шек жоқ еді. Алғашқы айлығын әуелген сәттен де өрекше қуанды.

–Менің ұлым, тракторшы, озат механизатор атанды. Әкесі марқұм бұл күнді көре алмағанына өкінемін.

Оның арманы ұлының елдің кәдесіне жарар азамат болуын көру еді.-деп анасы жаулығының ұшымен көзіне келген қуаныш жасын сүрте берді... Сүйіндік ағасы қай фермаға бастық болып ауысса да Төленді қасынан тастамады. Таңның атасынан күннің батысына дейін тыным таппайтын жас жігіттің еңбекқорлығы мен жауапкершілігіне разы болды. Еңбек адамы деген қашанда үлкен адам. Аспанмен таласқан үйлері тұрғызып жатқан құрылысшылар, сайын далада жайқалтып егін еккен диханшылар, сай-саланы мыңғырған төрт түлікке толтырған шопандар, сиыршылар, жылқышы, түйешілер мына әлемді әрлеушілер, өмірді жалғаушылар. Сол себепті бар жақсылық пен құрмет бірінші кезекте еңбек адамдарына тиесілі болуы керек дейтін соғысты, одан алдын ашаршылық, қуғын-сүргін, колхоздастыру, жоқшылықты бастан өткерген Сүйіндік ағасы. Араға екі жыл салып Төлен отбасын құрды. Келіншегі Қаратаудың айдай аруы, күндей келбетті сұлуы Ұлбосын болатын. Ұлбосын екеуінің танысуына да себепкер болған осы темір тұлпары МТЗ-80-і еді. Көрші Қаратау совхозынан оншақты тоқты әкелуі керек болды. Әрине совхоз

оралғанына шүкіршілік ететін. Өмірге бірінен кейін бірі дегендей ұл-қыздары келді. Жұмыс-жұмыс деп жүріп Төлен балаларының ержетіп, қыздарының бойжеткенін байқамай да қалғандай. Тіпті, екі ұлының сүндет тойына да қатыса алмады. Кенжесін сүндеттеген күннің ертеңіне Шардара ауданына шөпке жіберді. «Партия қайда болса біз сонда!» деген ұраннан күшті кім бар. Ұлбосынның еті тірілігі мен әбжілдігінің арқасында «Төлен қайда жүр?» деген сұрақ туады. Тек жеңгелері ғана «Осы совхоз Төлен болмаса тарап кететін шығар» деп еріндерін сылп еткізді.

Олар осылай әр жиында-тойда осы сөзді бір сылп еткізетін. «Еңбектің наны тәтті, құрметі биік» демекші Төлен озат комсомол, озат механизатор ретінде ауылдық, аудандық кеңеске бірнеше рет депутат болып сайланды. Ағалақтың астында қалың жиыңғылдың ішін орып, орылған шөптерді әдеттегідей егіс басында түйдектеп жатқан болатын. Совхоз директорының «УАЗ-69» көлігі шаңдатып жетіп келді. Совхоз басшысы Ақыновтың өзі екен:

-Қалай батырым, еңбегің рәтті болсын!-деді.

-Рахмет, аға!- деп Төлен тракторы-

көргенде Қарақұр, Раң, Шағаның гүрілдеген өзендері, трамвай, автобусқа мінсе өзінің МТЗ-80 тракторы көз алдына келді. Бір сәт туған жерінен алысқа ұзап көрмегендіктен бе, әлде мына қала қанша жерден ажарлы көрінгенімен ауылына ештеңе жетпейтінін ұғынғандай болды.

Поезбен кетіп бара жатқанда белуардан келетін шөпті, шалғынды, көк майса алқапты көріп «шіркін үйдегі қара ала сиырды әкеліп бір апта жар ма еді» деп ойлап қояды. Еңбектің адал мекнат, ашу тер тамған ауылын, жаздың аптабы мен қыстың аязды боранды күндері, таң атар атпастан бүкіл ауылды оятатын МТЗ-80 тракторының ащы даусын сағынып кетті. Жып-жылмағай, шөп тимеген үстіне қарап:

-Шіркін ауылға бара салысымен мына қара костюм-шалбарды шешіп, мойнын қылқындырған галустукті лақтырып жіберіп, өзінің май сіңді комбинзонын киер ме еді!-деп қояды іштей. Мәскеуге жан-жақтан келген делегаттардың көбісі дала еңбеккерлері екен. Әсіресе, тракторшы, комбайнер. Қыз балалар көп екен. Ойпыр-ай, ауылдағы жамағайын ағасы Әуесханның Ақкенжесі темір көлікке құмар еді. Тракторына жақындап кет-

ды ғой. «Бөлінгенді бөрі жейді» дегенді бекем ұстамды ма, әлде адуынды, айбынды басшылардан аяғын тартты ма сол күйі бөлінбей қалды.

Кеңеспен бірге еңбек деген құдырет иесі де келмеске кеткендей болды. Жұрт жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүргісі келді. Еңбектің қадірі қашты. Еңбек адамы еңбек болмаса қайдан шығады. Заман ескі, жаңа болып жарылды. Бәрі кеңестен безінді.

Кеңестің де жақсы жағы барын қаперге алып, құлаққа ілмеді. Шынын айтқанда Төлен сол Мәскеуге барып келгелі көп нәрсеге ойлы көзбен қарайтын болды. Ол қарап тұрса жаңа ел болғалы құрмет дегенді көрмепті. Ешкім елеп, ескермеді. Зейнеткерлікке шықты. Бала-шағаның ортасында ата-әже болып ел қатарлы қарияның күйін кешті. Анда-сонда МТЗ-80 тракторына мініп алып бір зырлағысы, жүргісі келіп кететіні бар. Төлен аға көбіне сол мал қорасы мен бақшалықтың ішінен шықпайды. Бүгінде шалғысын қайрап шарбақтың іргесіндегі қаулап өскен шөпті орып шықпаққа бекінген.

Бір кезде үлкен немересі жүгіріп келді:

-Ата, үйге екі-үш кісі келді. Сізді сұрап жатыр, деп.

-Кім болды екен? Тиыштық болса игі?-деп шалғысын қара талға сүйей кісілердің алдынан шықты. Жақындағанда ғана шырамытты. Аудан басшысы мен депутаттардың басшысы екен. Амандық-саулық сұрасты. Үйге кіріп дастарханға жайғасты.

-Аға, сіздің ел алдындағы еткен елеулі еңбегіңізді ел біледі. Біз білеміз. Бізден кейінгі жастар білмейді. Сол еңбектің арқасында елге танылдығыңыз. Мәскеуге дейін бардыңыз. «Еңбек түбі -бақыт, бейнет түбі -зейнет» демекші бізге айтар не бұйымтайыңыз бар?-деді аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков.

-Ә, айналайын, Мұхитжан іздеп келгендеріңе үлкен рахмет! Елеп ескергендеріңе рахмет. Бізде не бұйымтай болсын. Құдайға шүкір бәрі бар. Осы ауылдағы бақытты шаңырақтың біріміз. Менің бұйымтайым жастарды еңбекке көбірек тарту керек. Әсіресе ауылға қарай, ауылды, елді мекенді жерге тарту. Мына далиған далаға еге керек. Механизатор, сушы, дихан, шопан сияқты кәсіби еңбек мамандарына көбірек жастарды қызықтыру, көтермелеу, әлеуметтік қолдау жасау арқылы еңбек етуге баулу керек. Басты бұйымтайым осы,- деді-Төлен.

-Оныңыз рас. Еңбек адамын құрметтеп, лайықты бағасын беру басты міндетіміз. Оны қолға аламыз, соған қызметке келгелі бері бет бұрып жатырмын.-деді аудан басшысы.

Аудан басшысы Төлен қарияның әңгімесін, тағылымды ой-пікірлерін тыңдап асықпай аттанды. Аудан басшысы жол бойы көлік ішінде жалғыз өзі келе жатқандай ой тереңіне сүңгі түсті. Бала кезімізде осы Төлен ағаларымыз көк трактордың ролінде отырып, құмды, таулы, тасты жерлерді шарлап ел дамуына үлес қосты. Қаншама тері жерге сіңді, қалтқысыз еңбек етті. Бүгінгі біреулер сияқты міндетсінбеді. Олардың мінез-құлық, психологиясы неге өзгеше? Неге маған ананы бермейсің, неге мынаны бермейсің? Атақ бер!-деп неге айтпайды. Оның жауабы қандай?-деген ойға қалды.

Оның жауабы-Еңбек! Еңбек еткен адам түрлі жаман ой, жансақ пікірден аулақ болады. Оның ләззаты атақ пен мансап емес. Оның ләззаты-соның жемісі. Еткен еңбегінің мәуесін көру, жемісін жеу, өзгелерге дәмін сезіндіру. Оның жауабын тек Төлен сияқты еңбекқор, еңбекшіл, ерен еңбек мейталмандары ғана біледі деп ойлады.

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.**

МЕХАНИЗАТОР

басшылығының тапсырмасы еді. Бір күн бұрын кештетіп «Қаратау» совхозының аға шопаны Төлеуіш ағаның үйіне жетіп жығылды. Үш бөлмелі шопанның күзеу қорасы. Қол жуып дастарханның төріне озған бойдақ жігіт ас-мас дайындап жүрген Тайғұла апаның көмекшісі, осы үйдің өркесі Ұлбосынды көргенде есінен айырылардай күй кешті. Ақ сарының әдемі, бота көзі төңкеріліп, кірпігі күннің арайындай шашыла діріл қаққанына ілініп, не жегенін біле алмады.

-Балам ертең саған кемпірім мен қызымды салып жіберемін. Сарыжазға жеткізіп сал, қызым одан әрі оқуына баруы керек еді,-деді Әсет ағамыз.

-Әрине, ала кетемін ғой,-деді күлімсіреп. Ертеңіне елен-алаңнан жолға шығып жолай анасы мен қызын Сарыжазға жеткізіп салды. Төлен осылай алғашқы, әрі соңғы махаббатын іргедегі ауылдан тапқандай болды.

Апасы анада-санда мына жерін ауырды ана жерім қасады десе:

-Апа, қандай қаласа сізге дәрігер қызды әкеліп беремін. Келініңіз өзі емдеп жазып алады,-дейтін әзілдеп. Жаманның сандырағы келеді демекші ме, әлде періште әулием демеді ме екен. Келесі жазда саржаздық Ұлжан келін болып түсті. Жас келін қас-қарайған сәттен қораның төбесіне шығып құм жақтан келетін қара жолдың бойына келе жатқан жарықты іздейтін.

-Әне, анау жылт еткен жарық, Төлен ғой!

-Мен дереу, шайды қояйын, қамырымды да сала берейін,- деп қуаныштан жанары жалт-жылт ететін. Әлгі күткен жарығы Қызылбайраққа не болмаса Шағаға қарай бұрылып кетсе, аузы бұртып мұңайып қалатын. Совхоздағы қайсы бір дәрігер, мұғалім, дихан, шопан, сушы, жылқышы, түйеші маман болсын кешкісін үйінде болады. Ал тракторшы, шоферлар үнемі жолда жүреді. Шу бойынан Шардара, Қамқалы алқабынан үш ай жаз бойы шөп орағында оның жинауына, түйделуінде, тасымалында жүреді. Алты ай қыс тағы жем-шөп тасып отар-отарды аралап кейде апталап жүреді. Сонда Ұлбосын қанша айлық алдың? Сыйақыға не берді?-деп сұрамайды. Бастысы сүйген жарының дін аман, отбасына, ошағына

нан түсіп, шәпкесімен маңдайдан аққан ащы тері мен шаң басқан бетін сүртіп, тракторынан түсе берді. Бүгін МТЗ-інді гаражға апарып инженерге өткіз. Ертең Алматыға, одан әрі Мәскеуге делегат ретінде КСРО Жоғарғы Кеңесінің Бүкілодақтық көрмесіне барасың. Саған сол жерде ВДНХ-ның алтын медалін тапсырады. Біз ұсындық, ауданның басшылары солай шешіпті,- деді. Өмірінде облыс орталығы Шымкентті көрмеген Төкен, «Алматы одан әрі Мәскеуге барасың»

се «Айналайын, үсті басын май болады. Қыз бала трактордан не таба-сың?» деп мұның өзі жолатпай жүретін. Сонда да сиыр ауылға барса Ақкенже ағалап жүріп Төленнің тракторына амалын тауып мініп алады. Міне, мына жүрген орысы бар, орманы бар қыздардан біздің Ақкенжелердің несі кем? Еңбек ер бала, қыз бала деп таңдап жатпайды. Ортақ кәсіп, адал кәсіп, таза еңбектің, тәтті наны деген сол екен ғой деп бір мезет ойланып қалады.



деген сөз айға ұшасың деген сөзден әсерлі болды. «Ол жақта кімді танимын, қалай барамын!» деген ой басына келгенде қуаныштан гөрі қорқыныштың салмағы басымдау болды. Сөйтсе қорқатын нәрсе емес екен. Өзі сияқты аудан, ауыл, қалалардан шыққан механизатор, совхоз еңбеккерлері бар екен.

Ауданнан Төлнге бір уәкіл бекітіліпті, сонымен тек газет-журналдан суретін көрген, атын естіген әсем де ару қала Алматыға келді. Қандай керемет қала! Әбден көк трактор, брезент жұмыс киіміне үйренген денесі мен өкпесін қара костюм-шалбар, ақ көйлек, галстук қысып жүрді. Республиканың түкпір түкпірінен жиналған 20-дан астам еңбекшілер өкілдері Мәскеу қаласына бет алды. Төленнің сол кездегі жүрген жолдары, қаланың келбетті көріністері, сұлулығы, түп-түзу, теп-тегіс, тап-таза көшелері ұзақ есінде қалыпты. Кәдуілгі көшедегі су бұрғақтарды көргенде құмдағы артезиан құдықтар, от шашуларды көргенде Арқа төсінде шалқасынан жатқанда қазақ аспанындағы жамыраған жұлдыздар, көше бойындағы сылдырай аққан арықтағы суды

Төлен Мәскеудегі съезден көп тағылым, тың бастамалар үйренді, көп жайларды көрді, білді қанықты. Еңбек еткен адам, абыройы асқақ, беделі биік болатынын көрді. Әттең, бұл Төленнің, Мәскеуде жүрген осы сәтін Төленнің әкесі де, анасы да көре алмады. Кешкісін қонақ үйдің, жұмсақ, жайлы диванында жатқан Төлен ауылын, сүйген жары Ұлбосынның, балаларын, МТЗ-80 тракторын ойлады.

Айтқандай Мәскеуден сыйлыққа не алсам екен? Ұлбосынға әдемі хош иісті әтір алайын. Әтірі таусылған шығар. Балаларға тәтті-тұтты алайын. Тракторыма ше? -деп жатып ұйықтап кетті.

Төлен осы күндері жылдардың жылжып, айлардың сырғып өткенін де білмей қалғандай. Кеңестік кезең тараған жылдары, оны толқыны алыстағы аудан, шалғайдағы ауылға да жетті. Барлық шаруашылықтар үлеске түсіп, қырық бөлікке бөлініп жатқанда, бұл іргелі шаруашылықтың түзу шығып, мүшелері топтасқан күйі қалды. Баяғы ұжым, баяғы совхоз, баяғы ферма күйінде жұмыстарын жалғастыра берді. Қараша халық не айтса да көнбіс, не болса да шыдам-

Иә, Сәрсенбек Сайлаубекұлы әдебиетке ет пен терінің арасындағы қызба қызыл желдің желігімен келген жан емес, әдебиетке үлкен дайындықпен келгенін, күні ертең-ақ оның қаламынан сүбелі-сүбелі шығармалар, кесек-кесек бейнелер дүниеге келеріне сенемін. Мен Сәрсенбекті мамандығына байланысты ұстаз, филолог ретінде танығам.

Оның әңгімелері мен эсселерін арқауы бүгінгі күн тақырыптарынан өрілген, негізінен жеке адамдардың, әсіресе малшы қауымдардың тыныс-тіршілігіне жан-жақты үңіле отырып, қоғамдық мән мен әлеуметтік сипатқа ие мәселелерді қозғауды мұрат еткен туындылар жазды. Осы тақырыпқа арналған шығармалардың тууы, малды ауылға кірген өзгерістерді көркем бейнелеуге ұмтылысы, жаңа бастамаға қарқын беруді мұрат етті. Ол малды ауылдың жанды тіршілігін кең суреттеп, жаңашыл жас шопанның бейнесін тұлғалаған тартымды туынды ретінде бағалады.

Автордың образ ашу, шығарма композициясы даму жолындағы үлкен табысы ретінде оның тек уақиға мен адамдар әрекетін әңгімелей бермей, сол негізде адаммен оның ісі, заман жайлы толғанысқа түсіп кетіп отыратын жазу әдісін атауға болады. Әр адам бір мектеп тәрізді,-деп жазды ол бір әңгімесінде. Шығармашылық ізденістері әр бағытта болғанымен, алайда кейін байқағанындай қарымды қаламгерлігімен қоса бойына ақындық та дарыған жаңа құбылысты байқадым. Әсіресе айтысқа ақындық сияқты табанда арнау өлеңдер жазған кезде алдына жан салмайды. Қаламгер, ақындардың басты тақырыбы- ол өмірге деген құштарлық, ізгілікке құмарлық.

Ал ақын-ұстаз, әдебиеттанушы Сәрсенбекке келер болсақ оның жан дүниесі, сезімі өзгеге деген ыстық ықыласында, туған жерге, өскен өңіріне деген махаббатында. Өйткені өнер, ол желкілдек қуаныштың шашуы емес, ол өзек өртер өкініштің өтемі десек болар.

Өнерлі адамдар елдің абыройы, асыл қазынасына рухани байлықтың таусылмас, сарқылмас қайнар көзі. Алайда сол өнердің құпия сандығын абайсызда ашып қалсаңыз, тамсанасыз, қуаттанасыз. Оны біз қатар жүрген белгілі қаламгер, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, ақын әрі журналист, «Созақ үні» газетінің редакторы Сәрсенбек Теңізбаевтың туындыларынан айқын көруге болады.

Журналисттік мамандықтың қыр-сырын меңгеріп, ұзақ жылдар бойы осы салада тапжылмай қызмет етіп, халықтың көзайымына айналған, әрі ақындығыменде таныла бастағанына ел сүйсіне қарайды. Қалай десекте журналистік қызметпен ақындық қатар алып жүру оңай шаруа емес, кейде журналистік қызмет ақынның аяғын тұсайды, өрісін тарылтады. Соған қарамастан ішкі жан дүниесін тебіренісі ақынның бойындағы қуатына тоқтау саламайды. Міне, Сәрсенбек сондай ақындық жолға түскен азамат деп тануға болады.

Нағыз өнер, ол желкілдек қуаныштың шашуы да, зеркілдек астамдықтың ашуы да емес, өзек өртер өкініштің өтемі десек болар. Әйгілі әдебиет танушылардың суреттемесімен айтар болсақ, ұлы өнердің қалыптасуына жан-тәнімен пұшайман күй кешкен күйікті махаббат себепші болады деп түсіндіреді.

Мүмкін сондықтан да болар қаламгер, әрі ақын Сәрсенбектің туындыларының буы бұрқырап, ыстық лептің жалынын сезетініміз. Ақындарды әдетте сүйіспеншілікті-өз ойын, сезімін шумақ өлең жолдарымен дәл жеткізетін сиқырлы-сырлы әбжылан деп бағаласақ Сәрсенбектің «Көктем» деген өлеңінде табиғатты махаббатпен оятады.

Көктем келіп, нұр шуағын төгіп тұр,

Гүл масағы толып кетті бәгіп



ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕР

*қыр.
Байшешекті құшақ-құшақ теріп ап,
Шопан жігіт көрші қызға келіп тұр.*

*Тай-құлындар шапқылайды тынбайды,
Көріп пе едің кереметін мұндай-дың.*

*Айлы түнде серуен құрар жастар да,
Бірақ, бірақ түнге ұйқыңды ұрлайды-деп кесек-кесек жыр шумағын төгеді.*

Бұдан біз Сәрсенбектің өлең поэзиясының сюжеттік арнасында, тілдік ерекшеліктерімен образдылығында өзіндік стилі, қолтаңбасы байқалады. Қолтаңба дегеніміз-өзіндік сөз өрнегімен көркемдік кестімен көріну деген сөз. Осы тұрғыдан алғанда Сәрсенбектің шығармалары келелі көркемдік бейнелеу стилі жоғары екенін байқаймыз.

Ақын үлкен тіршілікте жылт еткен оқиғаға әсіресе табиғат көріністерін тыс қалдырмаған. Өлеңнің композициялық құрылысы оқиғаны дәлмедәл суреттеуде шебер құрылғандығы.

Аппақ көрпе жамылыпты дала да, Тамашала тұра бергін қара да. Табиғаттың әдемі бір ғажап ай, Мәз болады әже менен бала да,- деп толғайды.

Мұнан біз ақын өлеңдерінде туған жер, өскен өлке, табиғат, махаббат тақырыптары өзек болғанын аңғарамыз.

Сәрсенбек Теңізбаев ширек ғасырға жуық аудандық баспасөзде қызмет атқарып келеді. Очерк, әңгіме, поэма, жанрында сүбелі дүниелер жазып жүрген қаламгер. Талай шәкірт тәрбиелеп өсірген азамат. Бүгінгі күні сол шәкірттері Сәрсенбекті үнемі мақтан етіп айтып жүреді. Поэзия төріне өрлеген сайын, ақынның да көзқарасы, азаматтық болмысы, уақыт талабына сай жауапкершілігі де арта түскен.

Сезімі сергек, арманы биік ақын ғана өзіне-өзі сын көзбен қарайды. *Өміріңнің жаз бен болар көктемі, Біздің ғұмыр күз жағына беттеді. Орта жастан асып қалдық осы біз,*

Жастық күндер сағыныш боп кетпеді-деуі де ақынның өмірге құштарлығын поэзия тілімен жеткізе білуі.

Сәрсенбектің өлеңдері оқырмандарын көркемдігімен баурайды. Ол төңірегіне абайлап, өмірге барлай қарайды.

Өтіп жатыр күйбеңімен тірлігім, Бір күнімнен асып түсіп бір күнім. Қалай ғана жүре берем жайдан жай, Шыдамдықпен көтеріспей жыр жүгін-дейді.

Бұл Сәрсенбектің дүрмек күндерін дүрмеуінде тапталып қалмай, дүбірлі дүниенің мән-мағанасын да

аңғарып үлгерудің қамы.

Оның өлеңдерінен өз басының тіршілігімен қатар, өзі арқалаған елдің, халықтың тынысы-тіршілігін, азаматтың арман мүддесін, жүрегі жайлаған мұңын, бүгінгі дәуірдегі жалпы, адамзатқа деген биік тұлғасын көруге болады.

Иә, Сәрсенбекті қалай десекте ақын ретінде тануға тұрарлық. Өлең жазу бар да, оны түйіндеу бар. Түйдек-түйдек өлең жазудан саусақтың шөлі қанбайды.

Жүрегі алаулап бірдеңені іздейтін сияқты. Тіптен бірде өткен күннің сезіміне беріліп, өз-өзімен сыр шертіп, кейде көңілін бір сәт босатыны да бар.

*Сезімнің тылсым күнімен,
Бәрін де қалқам түсінем.
Бір көрген сәтте- арудың,
Торына мықтап түсіп ем...*

Пай-пай махаббаттың тылсымынан шыға алмай, абыржып күн кешеді.

*Алғашқы өзің сырласым,
Білемін көңіл тыңдасын.
Ұмыта алар емесің,
Суретің есте тұрғасын.*

Ғашық жүрекке мұнан артық не айту керек. Осы орайда Төлеген Айбергеновтің «Жаралы хал ғой ғашық хал. Рояль көрсен бір тілін, мені ойлап бар да басың қал», деген өлең жолдары еріксіз еске түседі.

Бұл өлеңдері, сезімге толы, арманы аяқталмаған, айтары көп, бала жүрегі бұлқынып тұрғанын көреміз. Орыстың классик сыншысы В.Г.Белинский «Поэзия мылқау түйсікке тіл бітіріп, образ береді, оларды ыстық, тар кеуденің қысымынан көркем өмірдің тың әуесіне шақырып, өзгеше өмір береді»-деген екен.

Шоқ жұлдызым сансыз бақыт жолдары,

Сезімге албырт нұр құяды ол дағы.

Бақыт деген осы емес пе сәулем-ау,

Әрбір жанның өз жұлдызы болғаны.

Міне ақын, бұдан біз Сәрсенбектің сүйіспеншілік әлемін биікке көтеріп, тіптен Тұманбай Молдағалиевтың жорғасына мініп түскісі келмей тұрған лирик ақынды байқаймыз. Батыс философия тарихында махаббат бүкіл әлемді ұйымдастырып тұрған бастапқы күш деп біледі. Махаббат адамның ұлы қуаты, ұлы сенімі, ең ұлы қасиеті. Мұндай қасиеттер ақынды қанаттандырады, оның поэзиясына жан береді, қуаныш сыйлайды.

Енді Сәрсенбектің өмір жолына қысқаша тоқталар болсақ, 1979 жылы Құмкент ауылы Қызылкөл елді мекеніндегі Мұхтар Әуезов атындағы орта мектепті бітіріп, арада біраз жыл өткен соң Алматы қаласындағы Абай атындағы педагогикалық институтының филология факультетін үздік бітіріп шығады. Ин-

ститут қабырғасында жүріп оқу орнында ашылған «Ұстаз» газетінде жауапты хатшы, топ жетекшісі болған. Сол кезеңдерде республикалық басылым «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан», «Алматы ақшамы» газеттерінде бірнеше мақалалары жарияланған. Оқу орнында академик Серік Қарабаевтан, жазушы Нығмет Ғабдуллиннен, филология ғылымының докторы, шәдітанушы Немат Келімбековтен дәріс алған. Жоғары оқу орнын бітірісімен елге оралып, аудандағы Б.Батырбекова атындағы орта мектепте қазақ тілі пәнінің мұғалімі, Суындық орта мектебінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып еңбек етеді. 1994 жылдан бастап аудандық «Молшылық үшін» газетінің бөлім меңгерушісі, кейіннен «Созақ үні» газетінің редакторы қызметінде жүріп, шығармашылыққа да бет бұрады.

Өнерге деген сүйіспеншілігі соншалықты ұлы ақындардың, классиктердің мұраларын зерттеп зердесіне құя білді. Сәрсенбектің мамандығы филолог болғандықтан, шығыс халықтары әдебиетінің арғы-бергі тарихынан хабардар екендігін дәлелдеп жүрген ұстаз.

Ауылға барсам шығатын едің алдымнан

Елу бесімде көрінуші едім сізге балдырған.

Жылы жүзіңнен нұр төгетін едің жаныма,

Амандық тілеп үрім-бұтағыңа тағдырдан.

Орның бүгін білініп тұр ғой ойсырап,

Жансыз бейнеңді төріме іліп қойсын-ақ.

Алаңдап сізді іздеймін дағы тұрамын,

Сағыныш сезім мазалай берер ойсынап-деуі. Бұдан біз ақынның анаға деген сүйіспеншілігін, сағынышын айқын көреміз. Ақын бар кезі арманына жете бермейді, сол сағым арманы биік шыңға көтеріп жетелейді.

Жаратушының қолымен жасалған адамның сұлулығы әрқашан ақынның өлеңінен орын алып, жанына жақсылық сыйлайды деген осы. Теріскейдің кең ауасын жұтып, өскелең елдің ұрпағы атанған, айтар ойы бар, әркімнің жүрегіне жол таба білген, ауданымыздың айнасы «Созақ үні» газетінің шырайын келтіріп, облыстық жарыста көш бастап жүрген әріптесімізге шынайы алғысымды білдіреміз.

Біз байқап жүргендей Сәрсенбектің өнер туындылары өнер сүйер қауымның ойынан шығып, жүректерінен орын аларына кәміл сенімдімін. Кешегі алдыңғы буын ағалардың ізін қуып олардың шығармаларын зерделей білген Сәрсенбектің шығармаларымен жете таныса отырып,

Жақсылықты айт, көз жұмба көрмеген боп,

Жақсылыққа қанықсың шөлдеген көп -деген пікірімді білдіргенді жөн көрдім.

Олай болса біз бүгін әдебиет өнер саласында қалам тартып, өзінің публистикалық шығармалары мен әрі ақындық поэзиясымен оқырмандарын сүйіспеншілікке, тәрбиелеп келе жатқан өнердегі әріптесіміз Сәрсенбекке шын жүректен ақ жол тілеймін.

О, жаратқан тыныс бер, тыным таппас күміс ер,

Бойында қуат тұрғанда, халқына өлең арнай бер-, дей отырып, от барында кеудеңде жалында ақын!,- демекпін.

**Мыңжасар АСҚАРУЛЫ,
Қазақстан Республикасының
мәдениет қайраткері.**

Хабарландыру

«Казатомпром-SaUran» ЖШС-сі ҚР ЭК-нің 58 бабы 2 тармағына сәйкес:

- 11.04.2025 ж. сағ.11-00 Түркістан облысы Созақ ауданы, Таукент ауылы, 1 ықшам ауданы көшесі 45А әкімдік ғимаратында «2024-2028 ж. Орталық Мойынқұм кенішінде ЭБЖ, магистральдық құбырлар мен қышқыл құбырларын салу бойынша кен орнының жобасын әзірлеу»;

- 11.04.2025ж. сағ.14-30Түркістан облысы Созақ ауданы, Таукент ауылы, 1 ықшам ауданы көшесі 45А әкімдік ғимаратында «2024-2028 ж. Канжуган кенішінде ЭБЖ, магистральдық құбырлар мен қышқыл құбырларын салу бойынша кен орнының жобасын әзірлеу» - жобаларына ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Қосымша ақпарат алу үшін Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Казатомпром-SaUran» ЖШС-сі, БИН 150540001510. Мекен-жайы: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент ауылы, Ыкшамаудан, 133 үй. Тел.: +7 (7780960000). Эл.адрес: Nshalanova@sauran.kazatomprom.kz.

Құжаттаманы әзірлеуші: «Kaz Complect Project» ЖШС, БИН 131240024409, Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Султан көшесі, 153, тел: 87024223015, Эл.адрес: too_kcproject@mail.ru.

Жобалық құжаттамалармен танысу, қағаз және электрондық күйінде ескертулер мен ұсыныстарды жіберу үшін Бірыңғай экологиялық порталында, <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar> сайты, «Түркістан облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-і, мекен-жайы; Түркістан қ-сы, Жана Қала м.а. 32 к-сі 20 ғимарат, aidarerkeba@yandex.kz эл.адресінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі. Белсенді сілтеме Zoom <https://us05web.zoom.us/j/5048756958?pwd=ZnZ0bndITzhQNVZnUy95QkVQK0ErUT09&omn=85286806384>

Идентификатор конференция: 853 395 8426, Код доступа: 1234567890, бірыңғай экологиялық порталда және <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar> сайтында ұсынылады.

Объявление

ТОО «Казатомпром-SaUran» в соответствии с требованиями ст.58-2 ЭК РК сообщает, что:

-11:00 ч. 11.04.2025 года в здании акимата по адресу Туркетанская область, Сузакский район, пос.Таукент, мкр.1 Ыкшамаудан 45А в здании акимата по проекту «Разработка проекта месторождения по строительству ЛЭП, магистральных трубопроводов и кислотопроводов на 2024-2028 г. руднике Центральный Мойынқұм» 44,16'00", 68,57'24";

-14:30 ч. 11.04.2025 года в здании акимата по адресу Туркетанская область, Сузакский район, пос.Таукент, мкр.1 Ыкшамаудан 45А по проекту «Разработка проекта месторождения по строительству ЛЭП, магистральных трубопроводов и кислотопроводов на 2024-2028 г. руднике Канжуган» 49,99'51,61", 68,79'54,15"- состоятся общественные слушания в форме открытого собрания.

Дополнительную информацию можно получить у инициаторамечаемой деятельности:ТОО «Казатомпром-SaUran», БИН 150540001510. Адрес: Туркестанская область, Сузакский район, с.Таукент, мкр. 1 Ыкшамаудан, дом 133. Тел.: +7 (7780960000). Эл.адрес: Nshalanova@sauran.kazatomprom.kz.

Составитель отчётов: ТОО «Kaz Complect Project», БИН 131240024409. Адрес: г.Кызылорда, ул.Бейбарыс Султан, №153. Тел.: 87024223015. Эл.адрес: too_kcproject@mail.ru.

С пакетом проектной документации можете ознакомиться направить замечания и предложения в бумажной или электронной форме на Едином экологическом портале и на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar> КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», адрес: г.Туркестан, мкр Жана Қала, ул.32, зд.20. Эл.адрес: aidarerkeba@yandex.kz

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка Zoom <https://us05web.zoom.us/j/5048756958?pwd=ZnZ0bndITzhQNVZnUy95QkVQK0ErUT09&omn=85286806384>

Идентификатор конференции: 853 395 8426, Код доступа: 1234567890, будет предоставлена на Едином экологическом портале и сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar>.

Жыр мәресінде күтеміз

ҚР Мәдениет қайраткері, Созақ ауданының Құрметті азаматы, ақын, тарихшы, драматург Мыңжасар Асқаровтың 80 жасқа толуына орай «Теріскейдің темірқазығы» атты І-ші аудандық ақындар мұшайрасының ережесі

Құрметті ақындар!

Созақ ауданы әкімі мен Созақ аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен ҚР Мәдениет қайраткері, Созақ ауданының Құрметті азаматы, ақын, жазушы, драматург Мыңжасар Асқаровтың 80 жасқа толуына орай «Теріскейдің темірқазығы» атты І-ші аудандық ақындар мұшайрасының өтетіндігін хабарлаймыз!

Ақын, тарихшы, драматург Мыңжасар Асқаровтың 80 жасқа толуына орай өскелең ұрпақты ұлттық ата-дәстүр рухына баулу арқылы ақындардың шығармашылығын шыңдау. Рухани, мәдени құндылықтарды келешек ұрпаққа жеткізу және тәуелсіз елдің дарынды таланттарын анықтау.

Мұшайраға аудан көлемінде тұратын, жасы 18 жастан асқан ақындар қатысу мүмкіндігіне ие болады. Алғаш рет өткізіп отырған дәстүрлі мұшайра ауданымыздың арқалы ақындарын жыр додасында өз бақтарын сынауға шақырады. Мұшайрада ақын Мыңжасар Асқаровтың өмірі мен шығармашылығы тақырыбында бір өлең және еркін тақырыпта бір өлеңін жолдайды. Өлеңдердің көлемі 6 шумақтан аспауы керек. Тақырып ақынның өміржолы, шығармашылығы, арман мақсатын тебірене жырға қосу арқылы қазақ жырының қоржынына қомақты олжа салу. Аз шумақпен келістіре жырлап, көркем шығарма тудыру әр ақынның өз шабытына, шама-шарқына байланысты. Ендеше, маңдайы жарқыраған жұлдызды жүйріктерді жыр мәресінде күтеміз! Мұшайраға еш жерде жарық көрмеген өлеңдер 2025 жылғы 30 наурызға дейін қабылданады. Мұшайра қорытындысы арнайы құрылған қазылар алқасының сұрыптауынан өткен ақындар ғана 4 сәуірде өтетін ақтық сайысқа, марапаттау рәсіміне шақырылады. Үміткерлер шығармасын компьютерде теріп, бір данасын «Созақ үні» газеті редакциясына жіберуі керек немесе sozak_kargabay@mail.ru электронды поштаға жолдауға болады. Автордың аты-жөні, мекен-жайы, байланыс телефоны, электрондық поштасы (бар болса) міндетті түрде көрсетілуі тиіс. Тел: WhatsApp: 8-702-782-25-69

СҰРАНЫС БЕРУ ҮЛГІСІ

Қатысушының аты-жөні, ауыл, елді мекен атауы, телефоны, Ұялы қоса жазылуы керек.

Дәрігерлік кеңес

Артериялық гипертензия (АГ) – қазіргі әлемде ең көп таралған аурулардың бірі, ол ұзақ уақыт бойы емделмесе жүректің ишемиялық ауруы (стенокардия), жүрек және бүйрек жеткіліксіздігі және олардың асқынулары (инсульт, миокард инфарктісі) сияқты қан айналымы жүйесінің ауруларының дамуына әкеледі.

АГ қауіп факторлары:
-Зиянды әдеттер (темекі шегу, алкогольді шамадан тыс тұтыну)

-Рационалды емес тамақтану (соның ішінде тұзды шамадан тыс тұтыну)

-Дене белсенділігінің төмен болуы

-Артық дене салмағы, семіздік

-Стресске ұшырау

-Созылмалы шаршау

-35 жастан асқан адамдар

-Тұқым қуалайтын бейімділік

АГ алдын алу:

1. Алғашқы профилактика – бұл ауру пайда болуының алдын алу (қан қысымы қалыпты деңгейде сақтау үшін басқарылатын қауіп факторларын болдырмау).

-Зиянды әдеттерден бас тарту–темекі шегуден және алкогольден толық бас тарту немесе кем дегенде алкогольді ішімдіктерді тұтынуды азайту.

-Қалыпты физикалық белсенділік–төзімділікті шыңдауға бағытталған жаттығулар (жалпы күш беретін тыныс алу жаттығулары, жүзу, серуендеу, жүгіру, велосипед тебу)

-Дұрыс тамақтану–жануар өнімдеріне қарағанда көбірек өсімдік өнімдерін тұтыну, майлы, қуырылған, тұзды та-

ғамдарды шектеу (күніне 5 грамнан аз тұз, тұзды көк шөппен, сарымсақпен және т.б. алмастыру), шұжық, шұжықша, фаст-фуд, газдалған тәтті сусындарды тұтынбау.

-Психологиялық тынығу–стресті басқаруды үйрену (психологиялық тынығу әдістерін игеру-аутотренинг, медитация).

2. Гипертонияның екінші профилактикасы–«Артериялық гипертензия» диагнозы қойылған пациенттерге қолданылады. Негізгі мақсаты – АГ күрделі асқынуларын болдырмау (жүректің ишемиялық ауруы, миокард инфарктісі, ми инсульті).

Қайталама профилактика екі компонентті қамтиды:

Гипертонияны дәрілік емес емдеу–бастапқы профилактикаға сәйкес келеді, бірақ талаптары анағұрлым қатаң, барлық шектеулер мінез-құлық қағидаларына айналады.

Гипертонияға қарсы (дәрілік) терапия – жүрек-қантамырлары асқынуларының даму қаупін азайтуға көмектесетін қан қысымының деңгейін төмендетуге және тұрақтандыруға бағытталған белгілі бір препараттар кешенін қабылдау.

Маңызды! Дәрігердің барлық ұсыныстарын қатаң сақтаңыз. Қан қысымының тұрақталуына қарамастан, дәрі-дәрмек қабылдауды тоқтатпаңыз, өзін-өзі бақылау күнделігін жүргізіңіз және өз дәрігеріңізбен байқаған өзгерістерді талқылап отырыңыз.

Л.БІЛІСБАЕВА,
Жартытөбе дәрігерлік амбулаториясының аға дәрігері.

Сенім телефоны

«Созақ ауданының Таукент кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс–қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Созақ ауданының Таукент кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде 2 – 61 – 38 сенім телефонына хабарласуға болады.

«Созақ ауданының Таукент кенті әкімінің аппараты» ММ.

Қоғамның жегі құрты

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындаудың біріңғай механизмін қалыптастыру, барлық мемлекеттік органдардың іс әрекеттерін үйлестіру мен Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын оның басымдылықтарына іс жүзінде асыру үшін жасалған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен оның міндеттерін нақтылау мен шектеу саласында мақсатты бағытталған мемлекеттік саясат азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейінің өсуіне әсер ететіні сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық-елеулі зардаптарға әкеліп соқтыратын қауіпті жағдайлардың бірі. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, мемлекеттік қызмет туралы заңдылық талаптарын іс

жүзіне асыру мемлекеттік қызметкерлердің тәртібін нығайтуға мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нағандық жұмыс емес. «Жемқорлық–індет, оны жою міндет», демекші, жемқорлыққа қарсы күрес қоғамымызда бір сәт те таластамауы керек. Бұл күрделі жұмысқа құқық қорғау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, құқықтық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі бақылаушы органдар мен қоғамдық ұйымдар, бүкіл халық болып белді бекем буып білек сыбана араласу қажет. Біздің міндетіміз мемлекет өмірінің барлық салаларындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету. Азаматтардың құқықтық білім деңгейін көтеріп, билікке деген сенімді нығайтып, жеке меншікті әсіресе шағын және орта бизнесті дамытып, әлеуметтік және

саяси тұрақтылықты нығайтып, бюджетке барынша пайда келтіру мақсатында бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ел ырысын ысырап қылар ынсапсыздыққа ырық бермей отырсақ игі іс болар еді.

Осы орайда Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын аудандық салық басқармасының қызметкерлері бұзған жағдайда 2-15-60, 4-12-94 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

Жанболат ШАБАХОВ,
Созақ аудандық Мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы.

ӘУЛИЕЛ АТАЖҰРТ, КИЕЛІ ҚҰТ МЕКЕН...

(Жалғасы.
Басы өткен сандарда).

Қосыла алмаған ғашығын осында жерлеп, қырық жыл қайыр тілеп, басына осы күмбез мұнараны соқса, екіншісінде Алшын руының аяулы қызы екен дейді. Ел шетіне жау тигенде алты ағасымен қатар аттанып, қанды жорықта ел азаттығы үшін жау қолынан мерт болыпты. Халық оны ардақтап, арулап төбе басына жерлейді де, есімін мәңгі есте сақтау үшін және моласын ашып, жаулары денесін қорлай алмастай етіп үстіне мұнараны тұрғызған екен.

Бұл көне мұнара Ақбикешпен қатар, кейде «Ақсүмбе» деп те аталады. Ақсүмбе аталатын себебі қазақ найзаның ұшын «сүме» дейді, алыстан ақ сағымға оранып, сүйір ұшы найзадай шаншыла біткендіктен солай аталған болуы керек. Сондай-ақ моңғолша «сүм» деген сөз қазақша «ғибадатхана» деген мағына береді.

АҚСҮМБЕ ӘУЛИЕ

Созақ жеріндегі Қаратаудың батыс сілемінде орналасқан Ақсүмбе елді мекені маңында кезінде әйгілі қала болған екен.

Ақсүмбе-Қаратудың теріскей жағындағы Ақсүмбе өзенінің сол жағасында орналасқан көне қала орны. Б.Тайжанның деректеріне қарағанда, алғаш рет 1946 жылы академик Әлкей марғұланның жетекшілігіндегі археологиялық экспедициясы мен 1947 жылы археологтар Е.И.Агаев, Г.И. Пацевич қалаға зерттеу жұмыстарын жүргізген. Қазіргі кездегі жалпы көрінісі тік төртбұрышты төбе: биіктігі 1 метр, солтүстіктен оңтүстікке қарай 75 метр, шығыстан батысқа қарай 6 метрлік алқапты ала орналасқан. Қала топырақ дуалмен қоршалған. Төрт бұрышында қарауыл мұнаралар орны байқалады. Оңтүстік-шығыс жағында бұрышта орталық қорғаны сақталған. Оның аумағы 25 x 25 метр. Қазіргі кездегі биіктігі 0,5 метр, төрт бұрышында мұнара орны сақталған. Қала орнынан жинастырылған қыш ыдыстардың жасалуына қарап ғалымдар қала тұрғындарының X-XV ғасырлар арасында өмір сүргендігін анықтады.

БАҚЫРЛЫ ӘУЛИЕ

Бейіті Шолаққорған ауылынан 134 шақырым солтүстік-батыста орналасқан Бақырлы, қазіргі Қаратау ауылының іргесіндегі Бақырлы өзенінің бойында. Өзен осы кісінің атымен бақырлы аталған. Жалпы Бақырлы өзенінің бойында, тау қойнауындағы тегістік алқапта ескі мазарат бар. Мазараттың айналасы қоршалмаған. Екі шеті тау етегімен, екі жақтауы Бақырлы өзенінің жиегімен байланысып жатқан қорым ішіндегі қабірлер тегістеліп, білінер-білінбес төбешікке айналған. Сол қойымдардың ішінде биіктеу төбешікке айналған, төбешік басында тау-тасымен ұзыннан-ұзын созыла үйілген 4-4,5 метрлік қабыр бар. Сол қабірді жергілікті халық «Бақырлы әулиенің қабірі» деп атайды.

Қасиеті-шалықтап ауырғандардың шипагері. «Кезінде Торғай әулие



әдейі осы кісінің басына келіп түнейді екен. Жалпы түнеушілерге дыбыстап, аян береді. Ол кісіге сыйынушылар жазылмай кеткен емес» дейді тұрғылықты қариялар.

БАСЫҚАРА ӘУЛИЕ

Басына қойылған белгісі мен қабірі Шолаққорған ауылынан 156 шақырымдай солтүстік-батыста орналасқан Ақсүмбе елді мекенінен сегіз шақырым оңтүстік-шығысындағы дөңнің кезек асуында жатыр. Алғашында басында кесен болмаған, жатқан жеріне таудың қатпар тастарын топырақпен араластырып белгі салынса, соңғы кезде бейіті басына төртқұлақты сағана салынған. Кезінде қабірінің айналасын қалың шеңгел басса, бүгінде шеңгел сирей бастаған.

Моласы айналдыра таспен қоршап шыққан үйінді төбешік күйінде, қоршалмаған. Моласы үлкен де, кіші де емес, орташа. Қасында екі-үш төбешік бар. Жергілікті халық бұл асуды кейде «Басықара әулие асуы» десе, кейде «Басықара батыр асуы» деп екеуін алма-кезек айта береді екен. Ақсүмбе ауылының тұрғыны Уәли Садуов ақсақал: «Соған қарағанда және бала күнімізде көнекөз қариялардың әңгімесінен ұққанымыз-бұл кісі Кенесарының батыры, әрі сенімді серіктерінің бірі болған екен, әрі дуалы ауызды болыпты. Айтқаны келіп, болжағаны да дөп шығып жатады екен. Сілтегені мүлт кетпейтіні секілді, айтқаны да қалт қалмайтын кісі болған екен. Сырға асып бара жатқанда жау қолынан қаза тауып, өзінің өтініші бойынша денесін осында жерлеген екен» десе, жолбасшымыз, Ақсүмбе ауылдық клубында мәдениет істерін ұйымдастырушы болып жұмыс істейтін әуесқой өлкетанушы Әшенов Қонысбек: «деректерге қарағанда, Басықара Сіргебайлы (1815-1854) деген өте өр тұлғалы батыр кісі болған деседі. Осы асуда жаулармен болған ұрыста мерт болады. Аңыз деректерге қарағанда, дұшпаннан құтыла алмасын білген батыр қоршауға алған жауларынан бесін намаз оқып алуға рұқсат сұрайды. Жау қолбасшылары ары ойланyp, бері ойланyp, соңында оның өтінішін орындап, намазын оқып алуға мүмкіндік береді. Кейсар батырдың рухы мықты өкініс жеткен олар Басықара батырды намазға жығылып жатқан кезінде мерт

етуді көздесе керек. Асудағы бір алаңқайға шығып, жүзін құбылаға беріп, қаруын қалдырып, тілін кәлимаға келтірген батырға қарсы қаншама оқ атылса да алғашқыда дарымалпы дейді аңыз. Ақыры Басықара сол жерде жантәсілім етіпті деп айтады.

Әулиенің қасиеті-адал ниетті жандарды желеп-жебеуші, жолбасшы көсем, мандылық иесі. Ер кісілерді ерлікке, жігерге, батырлыққа дәріптеуші құдыреті күшті рух иесі. Басына түнеп, сыйынғанды жарылқайды, бойын рухтандырып, сергітеді.

БЕЛГІСІЗ ӘУЛИЕ

Ақсүмбе елді мекенінен 3-3,5 шақырым оңтүстікте, Ақсүмбе өзенінің оң жағындағы ескі қорымның дәл орта тұсында өзен аңғарынан алшақтау үлкен сағана орналасқан. Қорымды жергілікті халық «Ақсүмбе қорымы» деп атағанмен, бұл сағанаға қойылған адамның атын атап бере алмады. Аты ұмытылған, бірақ әулие кісі болған екен деседі. Қамкесектен қаланып, бүгінде қараусыздықтан құлауға айналған сағана Ақсүмбе моласының оңтүстік-шығысында 20-22 метрдей қашықтықта жатыр. Сағана екі бөлмелі, есігі солтүстікке қарата қаланған. Кіреберіс бөлме 4 x 2,5, екінші бөлме 5 x 4 метр. Екінші бөлмеде екі адамның қабірі бар. Қабырғалары 45-50 см, биіктігі 2,30 метр, іргетасын топырақ жауып қалған. Сағананың оңтүстігі мен батыс бөлігі қар мен жауын суларынан мүжіле бастаған. Қараусыздық пен күтімсіздіктен іші сырты тоза бастаған, айналасын топырақ үйінділері жапқан.

Садуов Уәли ақсақал бұл кісі туралы: «Бұл араға жерленген адамның атын жергілікті халық білмейді. Тек «Әулие адам екен» деп қана қояды. Бұл араға екі адам қойылған. Ерлі-зайыпты адамдар болса керек. Естіген әңгімемізге қарағанда, бұл кісі Ақсүмбеден 40 шақырымдай солтүстіктегі Саумалбай деген жайлауда қайтыс болып, денесін осы араға әкеліп жерлеген екен. Руын бірде қожа, бірде алшын деп айтады. Бала күнімізде ішінде кітаптар көп болушы еді, алуға жүрексінетін біз, соған қарағанда білімді, ескіше сауаты ғұлама болса керек. Әкелеріміз «Әулие адам. Елге береке мен ырыс әкеледі. Әзірет Сұлтан-ның қасына барып жатайын деген оймен көлігіне кітаптарын артып,

жолға шыққан екен. Дәм-тұзы осы арада таусылыпты. Содан әйелі ақтап арулап қойыпты да, өзі өмірінің соңына дейін осы арада тұрып қалыпты» деп айтып отырушы еді.

Күні кешеге дейін іздеушісі, жоқтаушысы болмады, тек ауылымыздың қариялары басына келіп құран бағыштап отыратын. Малдарын айналдырып, кей кездері түнететін. Осыдан үш жыл бұрын Келестің екі жігіті келіп, басына құран оқып, әулиенің атын айтқан еді, ұмытып тұрғанымызды қарашы. Сол екі жігіт: «Әкеміздің айтысына қарағанда біздің бабаларымыз екен. Әкеміз келе алмаған соң, сұрастыра отырып, әдейі іздеп келдік. Әулие, көріпкел адам болған екен. Келесі жылы басына кесене салып, мына сағанасын жаңартамыз» деген еді. Міне үш жыл болды, сол кеткеннен хабарсыз кетті.» дейді.

Бұл кісінің кім екенін, қандай қасиеті болғаны жайлы ақсақалдар жоғарыдағы әңгімеден басқа ешнәрсе айтып бере алмады. Тек «Әулие болған кісі екен, шын аты ұмытылған» дейді. Бүгінде әулиенің жатқан жері де күтімсіз, қараусыз, аяқасты болып қалған.

ЕСЕНБЕК ӘУЛИЕ

Мазары аудан орталығы Шолаққорғаннан 127 шақырым солтүстік-батыста орналасқан Сарыжаз ауылы мен Бақырлы елді мекендерінің арасында жатыр. Атаның жеті атасына Қыдыр дарыған көрінеді.

Қасиеті: құт-береке, ынтымақ, бақ сыйлаушы. Алла Тағаладан жақсылық, шапағат тілеген ел зиярат етіп, мал сойып, Құран оқып отырады екен.

ЖИДЕЛІ ТАЛ КИЕЛІ ОРНЫ

Жиделі тал киелі орны аудан орталығы Шолаққорғаннан 127 шақырым солтүстік-батыста орналасқан Сарыжаз ауылына іргелес тау бөктерінде орналасқан. Жиделі тал киелі орнының айналасы шеңгел мен жыңғыл аралас келеді. Биіктеу келген шоқылы таудың етегін ала қалың шеңгел басталып, тау етегіндегі тегістікке жақындаған сайын шеңгел сирей түседі. Шоқылы таудың етегін ала кезінде бірнеше түп жиде ағашы болған. Бүгінде жиде ағашы құрап, жойылып кеткен. Жиде ағашының түбінен ағып шығатын бұлақ көзі бар. Жергілікті халық осы орынды Жиделі тал киелі орны деп атап, әлгі бұлақ суын да «Жиделі тал киелі орнының киелі бұлағы» деп атаған.

Ертеде бұл орынды қойшылар мекен еткен, дегенмен малын Жиделі тал киелі орнына жақындатпай, алыстау ұстаған. Жиде ағашының бұтағын сындырмаған, түбіне келіп отырса, алдымен Құраны бағыштап дұға жасап отырған. Малы бұлақ көзінен алыстау, еңістегі жазық алқаптан барып суарған. Бұлақ суын емдік үшін пайдаланып отырған. Бүгінде бұлақ көзінің суы азайып, одан шыққан су ұзаққа бармай жерге сіңіп кетіп жатады.

Басылым беттерінен алып жинақтаған: Мақсат ҚАРҒАБАЙ. (Жалғасы бар).

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС**Меншік иесі-****"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі****Директор:****Абилпаттаев Ержан Бакытжанович****Бас редактордың уақытша****міндетін атқарушы:****Мақсат Қарғабай****Жауапты хатшы:****Мақсат Қарғабай****Редакция құрамы:**

Аға тілші-

Данияр БЕКОВ

Тілшілер-

Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**

Дизайнер-

Асхан БАҚТЫБАЕВ

Терімші-

Бағила АЯЗБАЕВА

Фототілші-

Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылығымен, ақпарат агенттігі және желілік басшылығы есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс № таралымы - 3200 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.